



ӨЗЕН

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК басқармасының жаңа құрамы бекітілді

Еліміздің мұнай-газ саласындағы ірі отандық ұлттық оператор – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының жаңа ұйымдастырушылық құрылымы жасақталып, Басқарманың жаңа құрамы бекітілді.



Сауат МЫҢБАЕВ



Қайрат ШӘРІПБАЕВ



Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВ

Құрылымдық өзгерістерге байланысты Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаев Басқарма төрағасы, Қайрат Қаматайұлы Шәріпбаев Басқарма төрағасының газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі орынбасары, Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиев Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервистері жөніндегі орынбасары, Дәурен Сапарәліұлы Қарабаев Басқарма төрағасының орынбасары - қаржы директоры, Данияр Сүйіншілікұлы Тиесов Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау және маркетингі жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Сонымен қатар Серік Сақбалдыұлы

Әбденев Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры, Ардақ Жұмағұлұлы Мұқышов құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор қызметіне тағайындалды.

Айта кету керек, осы жылдың 12 маусымындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ҚМГ ҰК Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервистері жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалған Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиев «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры қызметін қоса атқарады.



Дәурен ҚАРАБАЕВ



Данияр ТИЕСОВ



Серік ӘБДЕНОВ



Ардақ МҰҚЫШОВ

АҢДАТПА:

1. Жұмысшылар үшін жаңа нысан 2-бет
2. «Ақбөбек» балаларға құшағын айқара ашты 2-бет
3. Өмірін Өзенге арнаған азамат 5-бет



Жұмысшылар үшін ЖАҢА НЫСАН

«Өзенмұнайгаз» АҚ «Өзенэнергомұнай» басқармасына қарасты №8 өндірістік-технологиялық учаскеде 54 орындық әкімшілік-тұрмыстық кешен ашылды. Салтанатты жиынға бас директор Бекзат Абайылданов, ардагер-энергетик Әбіш Боранбаев, кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

«Э» нергетиктердің Өзен кенорнының дамуына қомақты үлес қосып жүргенін біз жақсы білеміз. Сіздер аптап-ыстыққа, боран-суыққа қарамай өздеріңіздің қажырлы еңбегіңізбен алғы саптан көрініп келесіздер. Басшылық үшін Сіздердің көңілдеріңіздің тоқ болып, жұмысқа деген ынталарыңыздың жоғары болуы маңызды. Бүгінгі заман талабына сай салынған нысандарыңыз құтты болсын! Игіліктеріңізге пайдаланыңыздар!»-деді бас директор.

Нысанды салған мердігер компания «МАКС-КМ» ЖШС директоры Илияс Нұрбайқосов нысанның символикалық кілтін «Өзенэнергомұнай» басқармасының директоры Болатбек Рахметовке салтанатты түрде табыстады. Нысанның лентасын қос зейнеткер Оңдаған Еділов пен Әбіш Боранбаев қиды.

Қуанышбай Әбенев-№8 өндірістік-технологиялық учаске бастығы:

– Еңбек жолымды мен осы басқармада 1983 жылы қарапайым электро-монтер болып бастадым. Зейнеткерлікке шығуға да бұйырса, 1,5 жыл қалыпты. Ашылып жатқан нысанға қуаныштымын. «Игіліктің ерте-кеші жоқ» – дейді қазақ. Қарапайым еңбек адамына не керек? Ең алдымен еңбекке қолайлы жағдай керек, яғни дәл бүгін пайдалануға беріліп жатқан, заман талабына сай салынған нысан алаңсыз еңбек етуді қамтамасыз етеді. Басшылық тарапынан ұдайы қамқорлықты сезінген жұмыскерлер бойында компанияға деген құрмет пайда болмақ.

Дәметай Төлетаева - электро-жөндеуші:

– Менің осы басқармада еңбек еткеніме – 30 жыл. Ескі вагондарда жүрген күніміз ұмытылып, жаңа жайлы мекенге аяқ басып тұрмыз. Қуанышымызда шек жоқ. «Қуанышты бөліссең көбейеді» – демекші, бас директор Бекзат Абайылданов бастаған басшылардың келіп, қонысымызға «құтты болсын!» айтып жатқаны қуантады. Ел экономикасының дамуына үлес қосып жүрген энергетиктерге көрсетілген құрметке көңілім тасып тұр. Осында жұмыста жүріп, балалы-шағалы болдым. Бүгінде бірнеше балдай төтті немерелердің әжесі болып отырмын. Компаниямызда жағымды жаңалықтар жалғасын таба берсін!



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Бекзат Абайылданов №1,2,3,4 Мұнай-газ өндіру басқармасы және МДЖӨҚКБ директорларының басқармада жыл басынан бері атқарылған жұмыстары туралы баяндаған есебін тыңдады.

Басқармалар есеп берді

Басқарма директорлары басқармадағы өндірістік, әлеуметтік, кадр мәселелеріне тоқталып өтті. Басқосуда өндірісті маманмен қамту, әлеуметтік саланы алға жылжыту т.б. мәселелер талқыланды. Есеп беру басқармалардың тұтас тыныс-тіршілігінен толық ақпарат берді.

Бас директор Бекзат Абайылданов басқарма директорларының есебіне қанағаттанғандығын білдірді.

«АҚБӨБЕК» балаларға құшағын айқара ашты



«Ақбөбек» балалар лагерінің жазғы маусымы басталды. «Кендірлі» жағалауындағы орталықтың маусымдық ашылуының салтанатты жиынына «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайылдановтың өзі қатысты.

«2018 жылдың жазғы демалысына арналып «Ақбөбек» лагері ашылып жатыр. Мұнда қазір 250 бала бар. Бәріміз де ата-анамыз, бәріміз де бала болдық. Балаларға тілейтінім, демалыстарыңызды жақсылап өткізіңіздер, екіншіден, ұйымдастырушы-ұстаздардың тілін алыңыздар, үшіншіден, ата-аналарыңның сіздерге жасап жатқан жақсылығын ұмытпаңыздар, сыйлаңыздар!» деп тілек білдірді бас директор. Сондай-ақ ұйымдастырушы маман, ұстаздарға теңіз, бассейнге балаларды шомылдыру тәуліктік жоспарға енетіндіктен, осы шараларды атқарғанда жауапкершілікпен қарап, өз балаларындай, іні-қарындастарындай мейіріммен байланыс орнату керек екенін айтты. «Көш жүре түзеледі» – деп, лагерьдің бүгінгі жай-күйіне тоқталған Бекзат Қылышбекұлы «Өзенмұнайгаз» АҚ-мен басқарушы келісім шартқа отырып, «Ақбөбектің» жұмысын жауапкершілігіне алған мекеме басшылығына биылға атқарған бірқатар жұмыстар үшін алғысын білдірді. Оған қоса кішкентай демалушыларды қатаң қадағалап, олар үшін қандай жағдайда да ата-аналары мен жұмысшыларға

жауап беретіндерін баса айтты.

Еліміздің айбынды әнұранымен ашылған шара, жайдарманшыларымыздың өзіне ұласты.

Әр ғимараттың жаны, орталықтың маңы көгалға көмкеріліп тұрса, қандай әдемі болар еді. Оған қоса адам денсаулығына тигізер пайдасы да ұшан-теңіз. Шара соңында бас директор бастаған бір топ азаматтар балалармен бірге шырша екті. Ел азаматтары жұмыла тал егу арқылы балғындардың табиғат анаға, күллі жаратылысқа деген мейірімін ояуды да мақсат етті. Егілген ағаштарды демалушы балалар күтімге алатын болды.

Балаларды Кендірлідегі лагерьге Жаңаөзен қаласынан Астанадан арнайы алдыртқан «SCHOOLBUS» мердігер компаниясының заманауи сары түсті автобустары тасымалдады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ үшін әр баланың денсаулығы-баға жетпес қазына. «Ақбөбек» лагерінің бағдарламасы балалардың денсаулығын нығайтуға арналған спорттық шараларға толы. Сонымен бірге биыл демалушыларды түнгі мезгілде қараусыз қалдырмау мақсатында кезекші ұстаздар жұмыс істейтін болады.



Компания Шолпан Пангерееваға құрмет көрсетті

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы басшылығы бас директордың геология және игеру жөніндегі орынбасары Шолпан Пангерееваны «Қаражанбасмұнай» АҚ бас геолог болып ауысуына байланысты салтанатты түрде шығарып салды.

«Отыз жылдан бері ұжым алдындағы парызға айрықша сергек және жауапкершілікпен қарап, әрбір ісіңізді тиянақты орындайтын әріптес ретінде Сізді қатты бағалаймыз. Біздің компанияның дамуы, өсіп-өркендеуі өзіңіз сияқты білімді де ақылды адамдарға тәуелді» – деді бас директор Бекзат Абайылданов.

Бас директордың өндіріс жөніндегі орынба-

сары Есен Өтеев Шолпан Серікбайқызының Өзен кенорнына қосқан үлесі елеулі екендігіне тоқтала келе, оның ер азаматтармен үзеңгілес жүріп геологиялық зерттеу жұмыстарының өз деңгейінде жүргізілуін қадағалап, ұңғылардан сынама алу, ай сайынғы есебін жүргізу жұмыстарын аса ыждаһаттылықпен жүргізіп келгендігін айтты. Аяулы жанға бас директор атынан адресат беріліп, зерлі бешпент кигізілді.

Иә, өз ісін мінсіз атқарып, шеберлік шыңына жете білген Шолпан Серікбайқызы сияқты маман еліміз үшін керек-ақ. Өте сауатты, өз ісіне мығым, өндірістегі тәжірибесі мол маманға жаңа жұмыс орныңыз құтты болсын, әрдайым биіктерден көріне беріңіз деп тілек білдіреміз.



Оқу-жаттығу шарасы өтті

Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасында ЕҚЖӨҚД ұйымдастырумен «Мұнай құбырының жарылуынан өрт шығуы» тақырыбында авариялық-құтқару жаттығуы өтті.



Шараға қалалық азаматтық қорғау және төтенше жағдай қызмет мамандары, қоғамдық тәртіп күзетшілері, жалпы саны 119 адам мен 18 техника жұмылдырылды. «Семсер», «Медикер» ЖШС мен қалалық жедел жәрдем бөлімінен 31 қызметкер, 5 техника қатыстырылды.

Жаттығу жоспарына сәйкес Мұнай дайындау және жөнелту цехында сағат 16.10-да 3-ші аппарат жарылып, нәтижесінде өрт шықты. Өрт болған алаңға жедел жеткен құтқарушылар 43 қызметкерді оқшауландырып, жарақат алған 2 операторға «Медикер» және қалалық жедел жәрдем қызметкерлері алғашқы көмек көрсетті, ауруханаға жеткізді. №13,12 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің көліктері мен мамандары, «Өзенмұнайгаз» АҚ арнайы техникаларымен көбіктеу, сумен салқындату, сумен айдау шаралары арқасында 16.34-те өрт сөндірілгені хабарланды.

Тексеріс барысында қала және өндірістік мекемелердің жауынгерлік қызметтері «қанағаттанарлық» деп бағаланды.



Компания тарапынан Оғланды тауындағы Бекет Ата жер асты мешітіндегі автотұрақ алаңының баспалдақтарын жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Сенбілік бас директор Бекзат Абайылдановтың тапсырмасы негізінде ұйымдастырылды.

Әріптестеріміздің ісі көпке үлгі

Шарада Күрделі құрылыс департаменті топырақты тегістеу және бетондау жұмыстарын атқарды. Транспорт департаменті қажетті техникамен қамтамасыз етті. №3 СҚКБ автокран мен УДС, №2 СҚКБ водовоз және АСИР, ХжЭБ жүк көтергіш техникалармен көмектесті. МӨҚЖТҚЖБ темірден түйін түйген дәнекерлеушілер бригадасын шығарды. Осылайша «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» болды.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» – деген бар. Біз еліміздің әлеуметтік дамуына атсалысуды, тарихи-мәдени құндылықтарды қамқорлыққа алуды өзіміздің азаматтық парызымыз деп түсінеміз», – деді күрделі құрылыс жөніндегі басқарушы директор Бисен Қойшыбайұлы.

Бабаларымызды ардақтаған әріптестеріміздің ісі көпке үлгі боларлықтай.





Қоршаған ортаны қорғау радиациялық қауіпсіздік департаментінің тынысы

Қызметтің аясы кең

Қоршаған ортаны қорғау радиациялық қауіпсіздік департаменті өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына, Қоғам Жарғысына, Қоғамның саясаты мен мақсаттарына, ИБЖ құжаттарына, Қоғамның Бас директорының бұйрықтарына, Ішкі Еңбек Ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Департаменттің басты қызметтері – бұл өндірісте экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шаралар мен іс-шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жоспарланған шаралардың орындалуын қадағалау, мониторингілеу, талдау, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік саласындағы есептер жиынтығын жасау, осы салаларда құжаттаманы жүргізу болып табылады.

Атқарылған жұмыстар шоғыры

Департаменттің жүзеге асырған ірілі-ұсақты жобалары жетерлік. Соңғы 3-4 көлемінде 250 мың. м³ астам тарихи ластанулардың және жабдықталған қалдықтарды жинау алаңдарынан 300 мың тоннаға жуық қалдықтар тазаланған. Өндіріске инновациялық технологияларды енгізу бойынша көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл шаралардың барлығы да қоршаған ортаны қорғауды жақсартуға, адамға қолайлы орта жасау, аймақтың микроклиматын жақсарту, өндірістік шығарындылардың зияндылығын азайту үшін жасалып жатыр.

Білікті маман – бірінші орында

Департамент 6 маманнан құралған. Қазіргі уақытта директордың міндетін Амангелді Бекмағамбетов атқарып отыр. Жетекші инженер Саялы Сұлтанбаев, аға инженерлер Мүслім Нұров, Гульнара Мұрынбаева, ал инженерлер Сырбек Әуелбаев және Айнұр Жантілесова. Барлығы да келешекке таза табиғи байлықты қалдыруды ойлап жүрген, өз ісінің мамандары. Бірі қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарын атқарып отырса, екіншісі атмосфералық ауаны қорғау, қалғандары тиісінше мониторингтік сараптама, радиациялық қауіпсіздігіне жауаптылар.

Келер күнге - кемел жоспар

Қоғам аумағын жақсартуда, әрине, үлкен көлемде инвестициялар қарастырылуда. Дегенмен өз кезегінде бөлінген қаражатқа қарай, мердігерлер тарапынан ұсынылған технологияларды қатыстыра отырып, кенорын ашылғаннан бері жинау алаңдарындағы қалдықтарды өңдеуді жандандыру, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарының жүргізілуін жалғастыру. Сонымен қатар жыл сайын Қоғамның қоршаған ортаны қорғау бойынша мамандарының біліктілігін арттыру және өндірістегі инженер техникалық қызметкерлерге



корпоративті оқу орталығынан жалпы экология бойынша курстарын ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Қоршаған ортаны қорғаушылар құрметке ие

Осындай компания үшін аса қажетті қызметтердің тізгінін ұстап отырған мамандық иелері Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау және экологтар күнінде кәсіби мерекелерін атап өтті. Қызметкерлерді бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Есен Өтеев пен бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Сондай-ақ кәсіби мереке иелері «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ «Құрмет грамотасы» және «Алғыс хатымен» марапатталды.



Өмірін Өзенге арнаған

АЗАМАТ

«Елу жылда ел жаңа». Мұнай өндірісі күн санап қарыштап дамып келе жатыр. Қара алтынды жаңа технологиялармен игеру үрдісі кең қолданыста.

Өзен кенорнында алғашқылардың бірі болып қызмет еткен Құрақ Кәкімұлы Тілеуқұлов еді. 25 жасында Маңғыстаудың кең даласына келіп, еңбекке араласқан мұнайшы бүгінде 75 жасқа толып отыр. Сала ардагерінің өнегелі өмірін газетіміздің осы санына жариялауды жөн көрдік.



Ардагер мұнайшы Құрақ Кәкімұлы Тілеуқұлов 1943 жылы шілденің 3-де Гурьев облысының Мақат ауданына қарасты Байшонас ауылында мұнайшылар жанұясында дүниеге келген.
1963 жылы Алматы қаласының Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетіне «мұнай және газ кенорындарын игеру және кешенді механизацияландыру» мамандығы бойынша оқуға түседі. 1968 жылы институтты бітіріп, «Мангышлакнефть» бірлестігінің Узень мұнай өндіру басқармасына жұмысқа орналасады. 1968 жылы 11 қазанда еңбек жолын Өзен кенорнын игеруден бастады. Құрақ Кәкімұлының үзеңгілес досы, әріптесі Аманжан Өтесінов ол туралы былай дейді: «Әрбір адамның тегі болады. Құрақтың тегі дұрыс, әкеміз Кәкімді танимыз. Әулетіндегі жанның бәрі мұнайшылар. Құрақ төменгі қарапайым оператордан бастап, мекеме басшысына дейін көтерілген азамат. Жасамаған жұмысы жоқ...».



«Ғылыми зерттеушілік жобалау орталығындағы» директорлық қызметтерімен жалғастырды. «Өзеннің мұнайы өз-өзінен шығатын мұнай емес. Қиындығы құрамында парафин бар. Өндіру қиын. Соның барлығының Құрақ технологиясын терең меңгерген. 1975 жылы 16 млн 37 мың мұнай өндірді. Кенорын - гигант. Проблемалары көп болды. Шешкен бір адам болса, соның бірегейі – Құрақ Кәкімұлы деп білер едім. Ғылыми жұмыстарда да жасады. Ол өзінің өмірін Өзенге арнаған адам десек болады, - дейді Аманжан Өтесінов. Ардагер мұнайшы Олег Герштанский: Құрақ Кәкімұлы қандай қызмет атқарса да, адамгершілігін жоғалтпаған жан. Ол мұнай саласында көптеген жұмыстарды жасады. Қарапайым мұнайшыдан басшылыққа дейін өсті. Үлкен мекемелерді басқарды. Ел басына күн туған қиын кезеңдерде өндірісте жақсы бола қойған жоқ. Жұмысшыларға жалақы бермеген күндер де болды. Сондай сәттерде Құрақ Кәкімұлы сияқты азаматтар дұрыс шешім қабылдап, жауап беруге тура келді. Жұмысшылар осындай басшыларға сенді.

– деп Құрақ Кәкімұлының елдегі тоқырау тұста тапқан жолын зор мақтанышпен айтады.

Құрақ Кәкімұлы маман болып қалыптасуына зор үлес қосқан Рахмет Өтесінов, Сафи Өтебайұлы, Жалғас Смағұлов сынды аға-әріптестерінің атын атаса, бір топ шәкірттерін де назарынан тыс қалдырмайды.

Ұзақ жылдар бірге қызмет атқарған әріптестері Құрақ Кәкімұлының азаматтық бейнесін ерекше айтады. Әріптесі **Мұрат Құрбанбаев:**

«Өндіріске келген қазақ мамандарының ішіндегі алғашқы буын өкілі. Қазақ мамандарының күрделі кенорында қызмет жасай алатынына сенімділік білдірді. Ол ісі көптеген шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Құрақ Кәкімұлының азаматтық портреті жағымды»-деп пікір білдіреді.

Құрақ Кәкімұлы жанұясында 5 қыз тәрбиеледі. Үлкен қызы Жұмабике – мұнайшы ғылыми қызметкер, қыздары Жанар – экономист, Анар – энергетик «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай өндіру басқармасында еңбек етеді. Болған – заңгер, мұнай компаниясында жұмыс істейді. Кенже қызы Өсел – мұнайшы инженер маманы. Бауырлары Нұрбиғаш, Зоя, Самиға, Серік, Батырбек - мұнайшылар.

Қазақстан Республикасының Президентінің «Алғыс хатымен», облыстың және қаланың «Құрмет» грамоталарымен, «Еңбек ардагері» медалымен, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ескерткіш сыйлықтарымен, Мұнай өндірісі министрлігінің және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ мерейтойлық медалдарымен марапатталған.

Ғұмырын қара алтын өндірісіне арнаған ардагер бүгінде осы сынды көптеген марапаттың иесі. Алайда ол өмірлік мақсатының ол емес екенін айтады. «Бізге керекті еңбекті бағаланғаны, бағаланбағаны емес. Бізге керекті - жастардың мұнай өндіруге деген көзқарасы. Жастар елге қызмет етуге бар-күш жігерін салу керек», – дейді.

Еңбекпен таң атырып, күн батырған ардагер мұнайшы 75 жасқа келіп, артына бір қарағанда не сезінеді, өкініші бар ма? - деген сауалымызға «Жұбаншы пен қуаныштан басқа өкініш жоқ» – деп күлімсіреп жауап берді ол.

«Кешегі қара алтын өндірісінде аянбай еңбек еткен, бүгін де жастарға жол көрсеткен аға-әріптес, маңайына қадір-құрметті ардагер Құрақ Кәкімұлы Тілеуқұловты 75 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздер жүрген соқпақты жолдар дара даңғылға айналып отыр. Еңбегіңізді ел ұмытпайды. Жасай беріңіз, сала саңлағы!»

Индира СӨТЕНБАЕВА.

Иә, Құрақ Кәкімұлы мұнай және газ өндіру бойынша оператор, шебер, телім, газлифт зертханасының бастығы, №3 аудандық инженерлік-техникалық қызметінің басшысы (№3 мұнай өндірісі) және «Узеннефть» МГӨБ өндірістік бөлімінің басшысы қызметтерін атқарған. Ол күндерді ардагер мұнайшы Ізберген Оспанов: «1972 жылы №3 РИТЦ-ке келдім. Құрекең жасап жатыр екен. Осы азаматтармен бірге жұмыс жасадым. Ол учаске бастығы болды. Тапсырманы кімге, қалай беру керекін жақсы білетін маман болды. Өндіріс саласында жігіттерді таңдай біліп, орынорнымен қызметке қойды. Сыйласып, аз-кем уақыт қызмет істедік» – деп еске алады.

Ізберген Оспанов айтып отырған орда бүгінде №2 МГӨБ-ке қарасты №9 мұнай-газ өндіру кәсіпшілігі. Ал бұл жер Құрақ Кәкімұлына тым ыстық. Осында келген сайын жалындаған жастығы мен қажыр-қайраты тасып, еңбекке құлшынған күндерін есіне алып, бір жасап қалады. Қазіргі жас іні-қарындастарынан өндірістің жағдайын сұрап, ақыл-кеңесін беруден де жалыққан емес.

Өз жұмысына жауапты, білімді Құрақ Кәкімұлы 1981 жылы сәуір айынан бастап «Мангышлакнефть» бірлестігінде қабат қысымын реттеуге арналған технологиялық сұйықтық дайындау басқармасының басшысы болып тағайындалады. «Жер астына су айдау өте қиын мәселе. Суды жібермесен, мұнай өндіру болмайды. Сондықтан мені сұйық дайындау басқармасына жіберді. Азаматтармен бірлесіп көптеген жұмыстарды атқардық. 1000 мм-лік құбырларды тарту да сол кезеңдерде жүзеге асты»-дейді Құрақ Кәкімұлының өзі.

1984 жылдан бастап Құрақ Кәкімұлы «Эмбанефть» өндірістік бірлестігіне ауысады. Ал 1986 жылы «Мангышлакнефть» бірлестігінің «Мангышлакнефтьстрой» тресінің Узень құрылыс мекемесіне басшылық қызметке ауыстырылды. Ал 1987-1998 жылдар аралығында «Узеньмұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасында бас инженердің орынбасары, өндірістік бөлімнің басшысы, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары, технологиялық-техникалық және өндірістік бөлімнің басшысы болып еңбек етеді. Одан соң «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығының шешімімен 1998 жылы «Мұнайхимсервис» ЖШС құрылып, Құрақ Кәкімұлы сол кәсіпорынның басшысы болып тағайындалды. Ондағы абыройлы қызметін 2000-2009 жылдар аралығында «Технологиялық зерттеулер орталығы»,

Олар халықты сондарынан ерте білді, – дейді.
Құрақ Кәкімұлы 2009 жылы қыркүйек айында «Мұнай-Демеу» қоғамдық қорын құрып, 2014 жылдан 2017 жылдың қараша айына дейін «ҚазҒЗЖИмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және тәуелсіз директоры болып жұмыс жасайды. Осынша еңбек жолында Құрақ Кәкімұлы қиын-қыстау сәтте жол тауып, алдағы күндерге кәсіби бағдар жасап, маман таңдауда қателеспеген.

Кәсіпкер Көшбай Қызанбаев:

«Кеңес одағы тарағаннан кейін мұнай саласында қиыншылықтар болды. Сол кезде мұнайшылар жалақы ала алмады. Сондай қиын шақтарда алдымызда жүрді. Мұнайшылар жұмыстан кетті. Ол кезде мәселенің бәрі Москвадан шешілетін еді. Осындай қиыншылықтар туындағасын Құрақ ағамыз маған сервистік мекеме ашайық деп ұсыныс тастады. Оның құжаттарын дайындау да аз жұмыс болмады. Шетелден құрал-жабдықтар алып, мекеме құрғанбыз»



ӘКЕ КӨРГЕН ОҚ ЖОНАР



ТҮГЕЛБАЙДЫҢ ЗЕЙНЕТТІ ӨМІРІ

Түгелбай Таумұрынов Өзен кенорнының ашылуынан бастап, бір мекемеде табан аудармастан, аянбай 37 жыл еңбек етіп, мұнай өндіруге өзінің үлкен үлесін қосты.

Ол 1963 жылы №2 АТК мекмесінде тракторист болып жұмыс жолын бастайды. 1966 жылы №1 УТТ мекемесіне көлік жүргізушісі болып ауысады. Одан соң 1997 жылы «ӨзенМұнайГаз» АҚ №2 УТТ болып қайта мекеме болып құрылымданып, сонда көлік жүргізушісі болады. 2000 жылы осы мекемеден құрметті зейнеткерлікке шыққан. Осы жылдар аралығында

В.И.Лениннің туғанына 100 жыл медалін, Өзен кенорны ашылуына 40 жыл медалін, Жаңаөзен қаласына 40 жыл медалін тағынып, түрлі марапатқа ие болған.

37 жыл мұнай өндірісіне қызмет көрсеткен ардагердің бүгінде балалары «ӨзенМұнайГаз» АҚ-да жолын жалғап, қызмет етіп келеді. Атап айтар болсақ, Бердіғали Таумұрынов ӨЖБД бөлім басшысы, Нұрғали Таумұрынов Қауіпсіздік қызметінің инженері, Табылған Таумұрынов №2 СҚКБ жүргізушісі, Венера Таумұрынова №3 МГӨБ ҚҚСЦ операторы болып жұмыс жасауда. Әкелерінің мұнай өндірісіндегі елеулі еңбегін көрген балалары да еңбекқор, тындырымды, өздеріне жүктелген міндетті атқарып жүр.

Түгелбай ақсақал 1938 жылы Оңды селосында дүниеге келген. 1958 жылы Бәтін Сағындыққызымен отбасын құрады. 10 бала өсіріп тәрбиелеген отағасы мен отанасы бүгінде 21 немере, 21 жиен және 8 шөбере сүйіп отыр.

Мақтаулы отбасының ата-әжесі 80 жасқа толып отыр. Сонымен бірге отау құрғандарына 60 жыл толу мерейтойын атағалы отыр.

Осындай торқалы той қарсаңында Таумұрыновтар әулетін құттықтап, ардагер-мұнайшыға денсаулық, отбасына амандық тілейміз.

ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ

Сайын туралы сыр

БАЛАЛЫҚ ШАҚА САЯХАТ

Мұнай саласында 44 жыл ерен еңбек етіп, тер төккен Сайын Қабиұлы Әбішевтың балалық шағы 6 жасқа дейін Шетпе аулында өтті. 1962 жылы әкесінің інісі Сырым Гурьев педагогикалық институтын бітіріп келіп, жолдамамен Маңғыстау ауданының алыс ауылы, Шевченко колхозының орталығы Сенек ауылына мұғалім болды. Бала Сайын да Сенекке жөнелтіледі. Сайынның ең алғашқы ұстазы марқұм Нысан Жаманқұлов ағай болды. Бастауышты бітірген соң 10-класқа дейін Файза атты жеңгесі класс жетекшісі болды. Жеңгесі – қазір зейнеткер. Сенек аулында тұрады. Неге екені белгісіз, балалық шақта жеген қызанақтың дәмін сағынады.

ЖАСТЫҚ ШАҚА СЕРУЕН

Сайынның жастық шағы Сенекте өтті. Осы жерден мектеп бітірді. Мектеп директоры Сырым ағасы болды. Класс жетекшісі Файза жеңгесі болды. Осыдан кейін сабақты жақсы оқымай көр... Сабақты жақсы оқыды. Класстасы марқұм Сары Еспанов екеуі Түйесу жерінде орналасқан Алматы топографиялық экспедициясында жазғы каникулда топограф оқушысы болып жұмыс істейтін-ді...

1973 жылы Алматы қаласындағы Ауыл шаруашылық институтының механикалық факультетінің 3 емтиханын сәтті тапсырып, сұқбаттасу емтиханына қатыспай ауылға қайтып келеді. Ауылға келіп, құрылыс жұмыстарында жасайды. Суық күзде жиналмай қалған шөптерді жинайды. Бұзылған тракторды жөндеп жүргізеді. 1974 жылы қазіргі №3 СҚКБ жөндеуші болып жұмысқа кіреді. Одан соң кәсіби курсты оқып көтергіш агрегатының машинисі болып жұмыс істеді. Жарты ғасырға жуық өндірісте еңбек етуіне Сайынға отбасының қолынан іс келмейтін ақсауақ етіп емес, өмірдің соқпақтары қорқыта алмайтын нағыз адам етіп тәрбиеленгенінің көп пайдасы тиеді.

«АДАМНЫҢ БАСЫ – АЛЛАНЫҢ ДОБЫ»

Сайын Отан алдындағы борышын өтеу үшін Ресейдің Хабаровск қаласына аттанады. Кемеде моторист болады. Қазақ «Адамның басы-Алланың добы» деп тегін айтпаған екен. Әскерде жүрген бозбалаға тағдыр Үнді мұхитын кесіп өтіп, Ирактың Ум-Кассра портында, Сомалидің Бербера қаласында болудың сәтін салады. Дәм дегенді қойсайшы... 1978 жылы анасының ауруына байланысты әскери қызметтен босап келеді.

ОТБАСЫ

Совет Одағы елінің есіне Олимпиада жылы болып есте қалған 1980 жылы Сайын ғашық болған Аманкүлге үйленіп, отау көтереді. «Әр бала өзінің ырысымен дүниеге келеді» деген, өмірге бірінен соң бірі Бақытжан, Бекжан, Кәмила атты сәбилер келеді. Бүгінде Сайын осы балаларынан балдай тәтті Арон, Асылбай, Алан, Аян, Адиля атты немере-жиен сүйіп отырған бақытты ата.

ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Сайынның еңбек жолы Ералиев атындағы совхоздан кейін УТК-да жалғасты. Бұл мекеменің директоры Қ.Тұрақбаев болды. 1989 жылғы Өзен оқиғасынан соң ұжым Сайынды автотізбек басшылығына сайлайды. 1984-1987 жылдары Гурьев политехникалық техникумының ТО және РА факультетінің кешкі бөлімін бітіреді. Сайын қызмет атқарған мекеменің атауы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Уақыт өткен сайын директорлар да ауысып отырды.

Қ.Тұрақбаевтан соң, мекеме басшылығы А.Қылышбаев, Б.Нұратдинов, А.Бәшенов, А.Бекенов болып жалғаса берді. Бүгінгі директоры Н.Жайылғанов деген азамат. Атына заты сай. Жайлы азамат.

КӘСІПОДАҚ ТӨРАҒАСЫ

1994 жылы Кәсіподақ жиналысында Сайын төрағалыққа сайланады. «Өзенмұнайгаз» АҚ Кәсіподақ төрағасы Қ.Имановпен 1997 жылы аты аңызға айналған Н.Бекбосыновтың 60 жас мерейтойына қатысады. Бүгінде екеуі де марқұм болып кеткен азаматтарды Сайын сағынышпен еске алады. Өртүрлі жағдайға байланысты 2005 жылы төрағалықтан кетуге мәжбүр болады. 2008, 2009 жылдары компания ұжымының арасында басшылыққа деген наразылық бой көтере бастайды. 2009 жылы №1 СҚКБ ұжымының жалпы жиналысында Сәкен қайтадан төрағалыққа сайланады. 2013-жылға дейін төрағалықты кезекші механик қызметімен қоса атқарып жүреді. 2013-2016 жылдар аралығында жұмыстан босатылған Кәсіподақ төрағасы болып жұмыс істейді.

ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМ

Ешкімге қиянат жасамау. Мен бүгінгі күні №1 СҚКБ әлеуметтік қамту бөлімінің басшысы болып жұмыс істеп жүрмін. Осы бөлімде жұмыс жасап жүрген адамның көңілінде өзге адамдарға деген құрмет пен ықылас-пейіл болуы тиіс деп ойлаймын. Қолдан келсе, адамның көңіліне тимей, ешкімнің назарына қалмай жүру керек.

МІНЕЗ

Адамның ішкі дүниесі, мінезі жаман болса, сұлу келбеттің құны көк тиын-деп есептеймін. Мен әділдік, адалдық жағындамын. Тіке сөйлейтінім бар. Бес күн тіршілікте, жұрттың көзіне тіке қарай алатындай жүзің жарқын, бетің ашық болғанға не жетсін!

САҒЫМ ЖЫЛДАР

Бір класта 31 оқушы болып оқыдық. Бүгінде солардың 10-ы марқұм болып кетіпті. Тай-құлындай тебісіп, балдәурен балалық шақтың шырын дәмін бірге татқан олардың әрқайсысының орны бөлек. Сағынышқа айналып отыр... Жандары жәннатта болсын деп тілек айтамын.

БАҚЫТ ТУРАЛЫ

Жер басып жүргеніңнің өзі бір бақыт. Жұбайыңның, балаларың, немере-жиендеріңнің арасында аман-есен жүргеніңнің өзі бір бақыт. «Басы аманның малы түгел» дейді қазақ. Анамды сағынамын. Бар болғаны 54 жыл өмір сүрді. «Арамызда жүре тұрғаны жақсы еді, бізді қызықтай алмады-ау» деген пендешілік ой келеді. Әркімнің тағдыры шыр етіп жерге түскенде пешенесіне жазылатын көрінеді... Бақыт деген мен үшін-барды бағалай білу. Өмірдің әр сәтін қуана білу. Бақыт-отбасындағы жылылық, береке, бірлік.

ӨМІРДІҢ МӘНІ

Менің мұнай саласында жұмыс жасағаным 44 жыл толды. Уақыт деген жарықтық шапқан аттай, атқан оқтай зу етеді екен. Алла қаласа, келесі жылы зейнеткерлікке кетуге қамданып отырмын. Өмірдің мәні-адал еңбек етіп, бұйырған несібені берекелі жарату. Мақсат-атақты болу емес, бірақ, адам болу-маған да, саған да міндет.

Бибігүл БӨБЕКБАЙ.



ҚОЙЫЛЫМ КӨРЕРМЕНДЕРДІ ТӘНТІ ЕТТІ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен «Ашын мен дәрменсіздік» атты қуғын-сүргін жылдары құрбандарына арналған жергілікті өнерпаздардың қатысуымен ұсынылған театрландырылған қойылым көрермендерді тәнті етті.

Көрініс ұлт қайраткері Смағұл Садуақасовтың өмірінен сыр шертті. Алжирдегі ел ардақтылары жарларының тәлкекке түскен тағдыры көз алдымыздан көлбеп өтіп жатты...

«Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ер құлдықтан, әйел күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды»-деп жазды ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан. Ұлт тәуелсіздігі нақ осындай азаматтардың күнделікті әрі тегеурінді іс-әрекетінің жемісі. Олар сөзімен де, ісімен де, бүкіл болмысымен де ұрпақ есінде мәңгі қалады.


Басын бәйгеге тіккен біртуар Алаш арыстары кеше де аз болмаған, бүгін де аз емес. Ертең де аз болмайды деп білеміз...

Алаш арыстарының тағдыры аянышты, қасіреті көкірегімізден ешқашан кетпейді. Бірақ олардың өмірінің үлгісі көркем, жарқын!



АСТАНА ЖАСТАР ТЕАТРЫ КЕЛДІ

Астана Жастар театры классик жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым-Қожа» повесінің желісі негізінде «...Көзіме бір көрінсең, бала ғашық...» және «Жанарымда жалғыз әуен» атты спектакльдерді сахналады. Қожаның көңілі қаяу. Қаяулыны аяу, дұрысы, аялай білу керек... Қойылым көрерменнің балалық шаққа деген ностальгия, яғни сағынышын оятты. Спектакль балалық шаққа, бала махаббатқа деген сағынышты қозғады. Бәріміз бала болдық. Тентектік жасадық. Ғашық болдық... «Жер бетінде қанша адам болса, сонша махаббат бар»-дейді Лев Толстой. Қожаның Жанарға деген пәк сезіміне қызыға қарадық. Театр бізге махаббат жоқ жерде бақыт жоқ екендігін ұғындырды. Махаббаты ұмытқан қоғам бақытсыз ұрпақты тәрбиелеп шығаратынын түсіндік. Театрға келген көрермен балалық шағына естен кетпес саяхат жасап, ұмытылмас әсермен тарқады.



ҚАЗАНАМА



Жаңаөзен жұртшылығы 2018 жылдың маусым айының 10 күні еліміздегі мұнай және газ өндіру саласының дамуына елеулі үлес қосқан белгілі тұлға, алғашқы кен игерушілердің бірі, «ӨзенМұнайы» мұнай және газ өндіру басқармасының еңбек сіңірген қайраткері **Орынбек Абишаевпен** мәңгілікке қоштасты.

Ерен азамат, саналы ғұмырының ұзақ жылдарын еңбекке арнаған тұлға Орынбек Абишаев 71 жасына қараған шағында мәңгілік сапарға аттанды.

Абишаев Орынбек 1947 жылдың 2 қазанында Түркменстан Республикасы, Ташауыз облысы, Жданов колхозында өмірге келген. 1964 жылы Ташауыз ауылшаруашылық техникумында оқуын аяқтаған.

Алғаш еңбек жолын 1964 жылы Өзен геологиялық барлау экспедициясындағы «Қазақстанмұнайы» бірлестігінде 5 дәрежелі кетергіш машинисті болудан бастаған. 1967 жылы В.И. Ленин атындағы политехникалық институтына оқуға түсіп, 1972 жылы «тау инженері» мамандығы бойынша оқуын тәмамдаған. Одан әрі О.Абишаев мұнай өндіру саласы бойынша «ОМН» Маңғышлақ газ өндіру басқармасында қызметін жалғастырған. 1973-1986 жылдары қарапайым қызметкерден бастап әр түрлі инженерлік қызметтерді абыроймен атқарған ол еңбек жылдарында «Маңғышлақмұнайы» бірлестігінде 5 рет оператор, шебер, ауысым бастығы, басшының орынбасары, ЖҰЖ және ҰКЖ цехтарының бастығы, техникалық бөлімнің бастығы қызметтерінде болып, 1986 жылы МҚӨАЖ СКЖ басқармасының басшысы болып, одан 1994 жылы «Қаражанбастермұнай» өндірістік ұйымына бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары және өндіріс жөніндегі вице президенті болып ауысқан. 1994 жылы қайтадан "ӨзенМұнайГаз» ӨҰ-на сыртқы байланыс бойынша бас директордың орынбасары, өндірісті жүзеге асыру және жабдықтау саласы бойынша бас директордың орынбасары болып тағайындалған. 1996 жылы «ӨзенМұнайГаз» ААҚ-ның вице президенті атанып, 1997 жылы жаңадан бой көтерген жас ұйым «КРУЗ» ЖШС-не басшылық еткен.

Сол уақыттармен деп келген ҚР экономикасының құлдырауы, Маңғыстаудың қатал климаты, арнайы техникалар мен бұрғылау қондырғыларының жетіспеушілігіне қарамастан бастапқыда 50-ге жуық қызметкерімен жұмысты бастаған жас ұйым, қазіргі таңда 1400-ге жуық маман еңбек ететін бәсекеге қабілетті, тұғыры мықты ұжымға айналып отыр.

Орынбек Абишаев 1997 жылдан бастап 2008 жылға дейін «КРУЗ» ЖШС-нің бас директоры болып қызмет атқарып, 2010 жылы осы ұжым атынан құрметті еңбек демалысына жолдама алды.

Өңірдің қанат жайып, Қазақстан мұнайының дамуына елеулі үлес қосқан азамат тынымсыз еңбегі мен төккен маңдай тері үшін «Өзенмұнайы» МГӨБ еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісі мен «ҚазМұнайГаз» атты ескерткіш белгісімен марапатталып, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың алғыс хатын иемденген.

Қызметте адал, ортасына сыйлы бола білген ардақты азаматтың жүріп өткен жолы, ел қамы үшін қылған еңбегі езінен кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалары сөзсіз. Ел ағасының абыройлы істері мен жарқын бейнесі біздің бәрімізге мақтанш және жадымызда мәңгі сақтала бермек. Жатқан жеріңіз жайлы болып, жаныңыз пейіште шалқысын, аяулы азамат! Алдыңыздан жарылқасын!

«Жазмыштан озмыш жоқ» демекші, қапелімде қаза болған азаматтың отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтып, барша тілеулес жандарға Алладан демеу тілейміз!

«Өзенмұнайгаз» АҚ және «ӨзенМұнайСервис» ЖШС ұжымдары.

ҚҰТТЫҚТАУ!

Құрметті
Орынбасар Қашабайұлы

Өмір жолының асқаралы биігі – 60-тың шыңына шығып отырсыз. Сізді ұжымдастарыңыз еңбексүйгіш, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде таниды. Қиын да қызықты еңбек жолыңыздағы абырой-беделіңізді көпшілік біледі. Мерейлі мерекеніздің қарсаңында Сізге ұзақ ғұмыр, мол табыс тілейміз.

Игі тілекпен: №3 МГӨБ ұжымы.

Қадірлі
Бекболат Құрбергенұлы!

Келіп жеткен 60 жасыңыз құтты болсын! Өміріңіздің тағы бір жылы қуаныштар еселенетін және армандар орындалатын жыл болсын! Сізге зор денсаулық, шадыман шаттық, асқақ абырой тілейміз. Осындай қиын әрі қызық қызметіңіз Сізді биік белестерге жетелесін. Отбасыңыз аман болып, ұрпағыңызбен мың жасаңыз. Компанияның дамуына қосқан елеулі қызметіңізге алғысымызды айта отырып, өміріңіздің сәулемді тұсының көп болуына шынайы тілектестік білдіреміз.

Тілек білдірушілер: ӘЖБД ұжымы.

Ардақты
Роза Шастанқызы!

Келіп жеткен мерейлі 55 жасыңыз құтты болсын. Армандардың қушағында, бақыттың базарында күліп-ойнап, көпшіліктің алғысы мен құрметіне бөленіңіз. Мәңгі жастық қалпыңызды сақтап, ұзақ жасай беріңіз. Өмірден мол тәжірибе жинақтап, жас мамандарды тәрбиелеп, еңбек жолына бағыт беріп, ұстаз, ақылышы болып отырсыз. Осы қалпыңыздан таймай, асулардан асып, берекеніз тасып, жасай беріңіз!

Келер күннен күтер әркім жақсы үміт,
Жете берсін Сізге ылғи бақ күліп.
Шаттықпенен көріп таңның арайын,
Жаратушы төксін ылғи жақсылық!

Игі тілекпен: ТТБ ұжымы.

Құрметті
Озганбай Шалқарбайұлы

Асқаралы 60 жасыңыз құтты болсын! Елге, әріптес пен туысқа сыйлы азаматсыз. Сол жиған абырой биігіңіз адасармасын. Қатарыңыздың алды болып, қатепті қара нардай тұлғаңызға сын келмей, 100 жасаңыз. Зор денсаулықта, мол бақытта, табыс пен жетістікте басқарманың жетекші қызметкерінің бірі болып жүре бергейсіз!

Құттықтаушылар: №1 СҚКБ ұжымы.

Аяулы
Жұмазия Жариева!

Адамды бір көріп баға беру керек болса, Жұмазияны бір көріп, бағалаңыз. Жанары жарқыраған Жұмазия Жариева ұжымына сыйлы жан. Жылы жүзі, кісіге деген ілтипат-ықпалы ерекше көрінеді. Мұнай саласында 1984 жылдан бері қызмет атқарып келеді.

Тапсырылған жұмысты тиісті атқаратын жауапкершілігі өз алдына, қоғамдық жұмыстардың да алдыңғы шебінен бой көрсетеді. 55 жасыңыз құтты болсын! Мерейіңіз өсе берсін! Аяулы әріптестің көрікті жүзіне көркем мінезі жарасып, ұзақ жасасын деген тілектеміз.

Игі тілекпен: №3 МГӨБ ұжымы.

ОТБАСЫЛЫҚ
САЙЫС ӨТТІ

1 МАУСЫМ – БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ ОРАЙ ҚАЛАМЫЗДАҒЫ РАХМЕТ ӨТЕСІНОВ АТЫНДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНДЕ ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН 35 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ОТБАСЫЛАР ҚАТЫСҚАН «ОТАН-ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ» АТТЫ ОТБАСЫЛЫҚ-СПОРТТЫҚ САЙЫСЫ ӨТТІ.

Сайысқа спортқа беймі бар белсенді 7 команда қатысып, бақ сынасты. Олар бірінші өздерін таныстырды. Мергендігін паш етті. Кімнің жылдам екендігін көрсетті. Ең соңында қапқа кіріп, секіріп, жүгіріп, өздерінің ептілігін байқатты.

Қазақ елінің айбынды әнұранымен басталған маңызды шарада бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров пен Жұртшылықпен байланыс департаменті директоры Әділ Сүйебай сөз сөйлеп, сайыскерлерге сәттілік тіледі.

«Спорттық сайыс-адаммен тез тіл табысуға үйретеді, денені шынықтырады, қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады, баланың көзі қашықтықтан көруге дағдыланады, мергендікке баулиды, ойдың жылдам өсуіне де көмектеседі. Мұндай сайыс отбасындағы татулық пен береке-бірлікті нығайтады. Отан расында да, отбасынан басталады. Отбасы мықты болса, мемлекет те күшті, еңселі болмақ! Осындай керемет шара ұйымдастырып жатқан Жас мамандар кеңесіне басшылық атынан ерекше алғысымызды білдіреміз!»-деді Мақсат Ибағаров.

Сайыс нәтижесінде Қалбаевтар командасы I орынды, Жұмағазиевтер отбасы «Бірлік» командасы II орынды, Таласбаевтар отбасы «Барыс» командасы III орынды қанжығасына байлады. Жеңімпаздарға диплом, медаль мен бағалы сыйлықтар, өзге командаларға ынталандыру сыйлығы тапсырылды.

Елбасымыздың салауатты өмір салтын қалыптастыру саясатына қолдау көрсету мақсатында керемет шара өткізген Жас мамандар кеңесіне Алланың нұры жаусын!

